

**А. Джексенованың «Бариатриялық операциялардың нәтижесін бағалау әдісі» тақырыбындағы оқу құралына
РЕЦЕНЗИЯ**

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамы бойынша, 2025 жылға қарай семіздікке шалдыққандар саны 2000 жылмен салыстырғанда екі есе артады деп күтілуде.

ТМД-ның басқа елдеріндегі сияқты Қазақстанда да артық салмақ мәселесіне тап болғандар саны жыл сайын 1-2%-ға артады. Қазақстан Республикасында семіздікпен сырқаттанушылық көрсеткіші жылына орта есеппен жалпы халықтың 100 000-на шаққанда $71,1 \pm 4,1$ құрады.

Консервативті әдіспен (5%) салыстырғанда 80% тиімділігі бар жалғыз емдеу әдісі хирургия болып табылады. Бұл әсіресе семіздікпен байланысты сырқаттанушылық пен өлім-жітімнің жоғары қаупі бар пациенттер үшін өте маңызды, оларда өмір салтын өзгерту немесе терапевтік дәрілермен айтарлықтай және ең бастысы тұрақты салмақ жоғалтуға кол жеткізу іс жүзінде мүмкін емес.

Оқу құралы бариатриялық хирургия нәтижелерін бағалаудың өзекті тақырыбына арналған. Бұл бариатриялық хирургияға жетекші хирургтардың тұрақты қызығушылығымен расталады. Соңғы жылдары семіздікке шалдыққан науқастарды емдеуде хирургиялық емдеу әдістерінің маңызы зор.

Қолданылатын физикалық, зертханалық және аспаптық әдістердің толық сипаттамасы берілген. Мемлекеттік және орыс тілдеріне бейімделген BAROS құрамына кіретін Moorehead-Ardelt II сауалнамасы (M-A QoLQ II) егжей-тегжейлі сипатталған және ұсынылған, бұл науқастардың операциядан кейінгі жағдайын бағалауға оңтайлы және орындалған жұмыстың көлемі мен жоғары ғылыми-техникалық деңгейін көрсетеді.

Оқу құралын қарастыра келе, дизайнда аздаған стилистикалық, грамматикалық қателер мен техникалық қателер бар екені анықталды.

Жалпы, оқу құралы практикалық тұрғыда құндылығы күмән тудырмайды. Бұл пікірлер шығарманың құндылығын төмендетпейді, мәніне әсер етпейді.

А.Джексенованың «Бариатриялық операциялардың нәтижесін бағалау әдісі» тақырыбындағы оқу құралы талапқа сай және практикалық денсаулық сақтауда қолдануға ұсынылады.


Рецензент,

Ангиохирургия және пластикалық хирургия

курсымен хирургиялық аурулар

кафедрасының доценті,

PhD



Бокебаев Ж. Т.